UDC 101:316

А.М. Утемисова, Т. Еркінұлы*
Магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
***Корреспондент авторы**: erkinulyt@mail.ru

МИШЕЛЬ ФУКОНЫҢ БИОСАЯСАТ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ РАЦИОАНАЛДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Мақалада француз философы Мишель Фуконың биосаясат теориясының қоғамдық қатынастарды басқару туралы ғылыми көзқарастары, оның ішінде үкіметтік рационалдық мәселесі зерттелді. Биосаясат теориясының негізгі мәні мемлекеттік басқару формаларын жетілдіруде саясаттың субъектісі және объектісі ретіндегі халықтық рөлін, құндылықтарын және болмысын, саяси билікке ықпал жасау инструменттерін зерттеуге бағытталған. Сондықтан мақалада билік пен халық арасындағы саяси идеялардың өзара ықпалы, идеологиялық үстемдік мәселесі әлеуметтік-философиялық аспектілерде зерттелді. Мақалада М.Фуконың биосаясат теориясының негізгі идеялары мен мағыналары сараланды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі адамның саяси өмір сүруінің шарттарын айқындауға қатысты экзистенциялық толғанысымен анықталған. Бұл мәселе адамдардың бірлесіп, қауымдасып өмір сүруіндегі әр түрлі саяси идеологиялық, мүдделік көзқарастардың бір кеңістікте орын алуымен және қоғамдық сұрақтардың шешімін табуымен өзектілене түседі. Мұндай мәселені шешуде М.Фуконың биосаясат теориясының деңгейлерінде қазіргі қоғамдық тәртіпті талдау тәсілдерінің теориялық және қолданбалы аспектілері негізге алынады. Сондықтан қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдарда босаясат теориясы адамдардың өмір сүруін ұтымды ұйымдастыру және түрлі әлеуметтік-саяси тәжірибелерде оның мәселелік шешім табу деңгейлерін қарастырады.

Кілттік сөздер: биосаясат, басқару модельдері, био-тарих, био-билік, білім күші, дискурс.

Кіріспе

XX ғасырдың ықпалды ойшылдарының бірі Мишель Фуко бастапқыда тарихшы ретінде білім алды, бірақ оның билік пен қоғам туралы еңбектерінің нәтижелері тарих саласынан әлдеқайда кең ауқымды қамтыды. Оның алғашқы зерттеулері ессіздік тарихына арналды. Ол уақыт және ессіздік құбылысына деген түсініктердің өзгерістерін зерттеді. Мишель Фуко ғылыми жұмыспен айналысып жүріп, білімнің сөз арқылы қалай таралуын, сөз саптаудың дару қасиетін кеңінен зерттеген. Қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдарда биосаясат теориясы қоғамдық – саяси практикалардың өзекті және кеңінен талқыланатын жиынтық сапасын немесе кемшіліктерін зерттейді. Себебі XXI ғасырда биосаясат теориясы мемлекетті, қоғамды рационалды басқарудың жаңа тәжірибелерін ұсыну арқылы эволюцияланып, түрлі зерттеулерде өзінің мәніне, қажеттілігіне ие болды. Мысалы, қазіргі заманғы қоғамдық дискурстарда жасанды интеллектінің болашағын пайымдау туралы көзқарастар, түрлі цифрлық қолтаңбалар, қосымшалар, видеокамералар арқылы адамның күнделікті өмірін, ойлауын реттеуге тырысуы, айыппұлдар арқылы басқару тенденциялары М.Фуко шығармаларында еркіндікті шектеу, басқару және тыйым салу, пеницитарлық қадағалау формалары ретінде зерттелген. Сондықтан М.Фуко шығармашылығына адамды басты антропологиялық және трансцендентальды субъект ретінде алып, оның мораль, заң және мемлекет алдындағы парызын, жауапкершілігін адамның еркіндігі арқылы реттеу ұсынылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеулік жұмыстың теориялық мәнін биосаясаттың коммуникативті сипаттарын субъектінің трансформациясы, оның өмірінің медикализациясы және уақытының, еңбек жағдайының, бос уақытының өзгерістері деңгейіндегі антропологиялық көріністерін талдау құрайды.

Ғылыми мәселе ретінде М.Фуко шығармашылығының биологиялық аспектілерін зерттеумен қатар оның қазіргі заманғы жағдайдағы, тарихтағы шынайы практикалары мен

қолдану модельдері зерттеледі. Қазіргі заманғы қоғамдардың ерекшеліктеріне көңіл бөлгенде, олардың белгілі бір арнайы пәндік парадокстарға тап болғанын айқындаймыз. Өйткені мемлекет қоғамдық өмірдің сфераларынан ұзақтаған сайын, өзінің еркін нарықтық қатынастардағы мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Дегенмен бұл мәселедегі парадокс мемлекет кәсіпкерлерді мемлекеттік экономикалық саясатта қаржылық қолдау, субсидиялау арқылы өзінің қолына күшті, мықты билікті қайтадан шоғырландырғанын байқаймыз.

Зерттеу нәтижелері

Биосаясат теориясының өзегін құрайтын философиялық сыни көзқарастың басты идеясы осы нарықты, қоғамдық мәдениетті және адамдардың жеке кеңістігін мемлекеттік қадағалау, реттеу шараларының аса күштілігіне назар аудару еді. Сонымен бірге мемлекеттік басқару сферасында саяси құндылықтарды реттеудің идеологиялық құралдарының ықпалы, инструменттері мен ықпал ету, қысым жасау тетіктері арасындағы мүдделердің қақтығыстары да сыни ойлаудан өткізіледі. Мұндай парадокстар мемлекеттік саясаттың генезисінде де, саяси философиялық теорияларда да кездеседі. Мұндай философиялық теориялардың бірі М.Фуконың биосаясат теориясы және бұл теорияның негізінде билік пен қоғам арасындағы үстемдікке ынтаның, ұмтылыстың аспектілерін айқындау құрайды.

Биосаясат түсінігі дәстүрлі саяси философиялық ыңғай тұрғысынан жалпыға ортақ саяси ойлаудан тыс, абстрактілі және мәселелік ретінде түйінделген. Дегенмен адам өмірінің көптеген қырларының шамадан тыс техникалық қадағалауға тап болуын сынау құрайды. Әйтсе де М.Фуко биосаясат концепциясын «Адамдардың қауымдасып өмір сүруіне оның денсаулығына, гигиенасына, дүниеге келуіне және өмір сүруінің ұзақтығына тән феномендердің жиынтығы басқару практикаларына қатысты рационалды ойлауды және тәсілдер мәселесі» [1] бағыты ретінде анықтайды. Бұл мәселенің түйіні, ол адамның қоғамдық өмір сүру практикасының адамның биологиялық қыры мен денесі арқылы ұзақ ғасырлар ойлау, іс-әрекет объектісіне айналуы құрайды. Себебі М.Фукоға сәйкес адам XVIII ғасырға дейін шынайы адам, яғни толыққанды субъект ретінде өмір сүрмеген. Бұл ой адам тек тәні арқылы дене ретінде ойланады, ол түрлі саяси, діни, радикалды идеологиялардың манипуляциялау құралына айналды, адамның ерік-жігері, құқығы оның таңдауына қарсы шектелді деген көзқарасты білдіреді. Адамның басты мақсаты, ол осы өзінің тек биологиялық бағдарлы субъект емес, керісінше трансцендентальды және аксиологиялық, бар болушы субъект екенін дәлелдеу. Адам қоғамдық субъектіге айналу арқылы өзінің құнды тірі жан иесі екенін пайымдайды және құқықтық қатынастардың объектісіне айналады.

Кесте 1. Тақырыбы: Адам саудасымен байланысты қылмыстар туралы мәліметтер [2].

Елдің атауы	Адам трафигінің деңгейі	Адам трафигінің себептері	Қылмыстың түрлері	Қылмыстың саны	Анықтамасы
Қазақстан	Қылмыс түрлері азайған, бірақ формалары заман талабына сәйкес ауысқан.	Кедейлік; Өз құқықтарын қорғау әдістерін білмеу; Сауатсыздық; Жұмыссыздық; Құмар ойындар ойнау; Қаржылық алдауға түсу.	Адам саудасы; Еңбекке өз еркінен тыс күштеп мәжбүрлеу; Жыныстық қорлау; Адам ағзаларын сату.	2025 жылдың бастапқы кезеңіне 134 қылмыс тіркелген. Бұл жағдайға 53% ер азаматтармен, 47 % әйелдер ұшыраған.	Адам трафигі адам саудасымен, оны физикалық, психологиялық құлдықта ұстау, биологиялық материал ретінде пайдалан қылмыстары.

Әлемнің көптеген мәдениеттерінде адамды тек дене ретінде түйсіну, оны жазалау арқылы қорқыту, мәжбүрлеу фактілері көптеп кездеседі және ондай елдерде, мәдениеттерде адам тіршілігі диктатуралық саяси жүйелердің құралына айналады. Мұндағы адамның қоғамдық қызметін терістеу, әйелдерді тек құрал, оның ішінде дене, нәрселік формада түйсіну кейбір архаикалық қоғамдарда әлі де орын алып отыр. Біздің көпбейнелі мәдениетімізде ананың, қазақ қызының қоғамдық қызметін терістеуге бағытталған радикалды идеологиялар толыққанды үстемдікке ие болмайды. Мұндай теріс, экстремистік идеологияларға қазақ қызының мәдениет субъектісі ретіндегі құқықтық мәртебеге ие болуы және ұлттық тәрбиенің бастауындағы харизмалық, тектілік, мейірімділік пен ізгілік, қайраткерлік ұмтылыстары, қасиеттері қарсы тұрады. Сондықтан қазақстандық мәдениетте қазақ аруының рухани жоғары мәдениетін, оның жасампаздық субъектілі қызметін жетілдіруіміз, қайраткерлік рөлін ғылыммен, біліммен ұштастыруымыз қажет.

Мишель Фуконың биосаясат теориясының да басты идеясы, ол адам тек биологиялық дене емес, ол өзіндік асыл мұраты, қажеттіліктері мен идеалдары бар құндылықтық субъект ретіндегі пайымдауды негіздеу. Бұл мәселеде философиялық зерттеудің басты қағидалары, мәселені диалектикалық ойлау тәсілдерімен жан жақты аргументтеу, негіздеу. Себебі адамның ортақ идеалы оның өмірін конструкциялаудағы құндылықтар екі жақты қызмет атқаруы мүмкін. Бір жағынан, алғанда адам шамадан тыс идеологиялық манипуляцияға тап болуы, екінші жағынан, идеологиялық біржақтылыққа қарсылықты мінез-құлықтың туындауы және оның салдарынан эпистемалардың өзгерістері орын алуы мүмкін. XVIII ғасырлардан бастап демографиялық өсімнің орын алуы билік мәселесінде жаңа тенденцияларды туындатты. Өйткені елдердің басқару формаларында республикалық түр қалыптасып, биліктің объектісі ретінде нақты индивидтер емес, олардың орнына халық, популяция түсініктері енгізілді. Бұл өз кезегінде, билік технологиясының өзгерісіне әкеліп, философиялық көзқарастар оның прогрессивті сипатта дамуына ықпал етті. Бұл мәселе дәуірлердің рухани және материалдық, ақпарттық бейнесінің өзгерістеріне қарай қазіргі заманғы философиялық ойлау алдына жаңа мәндеттерді жүктейді. Философия ғылымы да өзінің классикалық кеңістігінен шығып, заманның рухына қарай жаңа эпистемаларды іздеуі, технократтық ойлауға көмектесуі қажет.

Мишель Фуко бойынша: «Басқару мен өнер ұғымдары шынайылықта билеушілердің басқаруы деген мағынаны білдірмейді. Өйткені басқарудың ең ізгі және игі формалары елдегі тиімді басқаруды түзумен қатар адамдардың ол үдеріс туралы ойлауына, практикалық рефлексиясына және жаңа жобаларды құрастыруына оң ықпал жасайды» [3]. Бұл тұжырымнан биосаясат теориясында басқарудың тиімділігі және ізгілігі және әкімшілік басқарудың рационалдығы мәселесі туындайтынын анықтаймыз. Себебі билеушілер, басқарушылар бұқара халықты сауатсыз, көптеген нәрселерді, заңдарды түсінбейді, адамның белгілі бір тобына тобырлық сана тән деген ойда болады. Мишель Фуконың басқаруды рационалды формада қарастыру тәртібі осы халықтың билік туралы ойлауын жетілдіру және халықты саналы, білімді, өзіндік сыни көзқарасы бар субъект ретінде қарастыруға түйінделген. Мұндай көзқарас үстемдіктің территорияларға иелік жасау мәселесінде орын алуына қарсы бағытталған және ол тұрғындарды, халықты сапалы басқару туралы арналарға ауыстыруымен ерекшеленеді.

Талқылау және нәтижелер

Ғылым тарихында мемлекет туралы, биліктің генезисі туралы ой-пікірлер, тұжырымдар иудейлік, христиандық саяси идеялардың дамуы және оның қоғамдық орта жағдайларына бейімделуімен байланысты орын алды. Мұндай ойлауға сәйкес, суверен, яғни билеуші тек территориялар үшін күресетін билік субъектісі ғана емес, ол өз халқының жанашыры, қамқоршысы ретінде қалыптасады. Тиісінше, Мишель Фуко өзінің бұл тұжырымын үкіметтік раионалдылықты зерттеу деп атап, оның өзіндік үйлесімді, реттелген, тәртіпті дамуының структуралық ойлауын жасақтайды. Жалпы Мишель Фуко философиялық ойлаудың структуралистік бағытының белді өкілі. Оның көзқарасынша, құрылымдар қатаң өзінің діңгек ретіндегі өзегін сақтап, ойлау арқылы болашақты анықтауы тиіс. Құрылымдардың конструкцияларға негізделіп түзілуі қоғамдағы тәртіпті, бірлікті білдіреді, бірақ ол

субъектінің еркіндігін шектеу арқылы орын алмайды. Сондықтан Мишель Фукода XVIII ғасыр адамның қоғамдық идеясын түйсінудің бастапқы кезеңі ретінде алынады. Оның негізгі идеясы адам өзі арқылы жеке мүдделерге ие, өзінің жеке пайдалы болуын ілгерілетуші, дербес қызмет атқарушы индивид. Жалпы халыққа тән нәрсе, ол стихиялық бытыраңқы өмір сүруі, сондықтан, халықты басқаруда оларды үнемі ұйымдастыру, реттеу қажеттілігі туындайды.

Кесте 2. Тақырыбы: Мишель Фуконың биосаясат теориясының мәні

Билік объектісі	Құралдары	Мақсаты	Билік формасы
Тұрғындар биологиялық масса ретінде	Медицина; Статистика; Демография.	Өмір сүруді жақсарту	Нормалау мен тәртіпті жұмсақ күшпен басқару

Биосаясат – билеушілердің мүддесін емес, үнсіз бағынушы және іштей тыңдаушы халықтың құқықтарын, бостандықтарын қорғауға бағытталған теория. Биосаясат теориясының басты ерекшелігі де осы елдің дамуы территориялардың көптігі, кеңдігімен анықталмайды, оның басты критерийі тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына жағдай жасау. Бұл үшін тек билеушінің ғана ойлауын өзгерте алмаймыз, оған халықтың көптеген әлеуметтік қабаттарының, жіктерінің қатысу мәдениетін өзгертуді ұсынады. Мұндай өзгерістер адамның білімге ынтасынан бастап денсаулығы, медициналық қызметтің сапасына дейінгі сфераларды қамтиды. Биосаясат теориясының практикада жүзеге асуы мемлекеттің өзін іштей қорғау, ішкі саяси факторлардың тұрақсыздығынан халықты қорғау және оның сапалы өмір сүруіне кепілдік беру, адам капиталын дамыту мәселелерін қамтиды. Биосаясат теориясының басты міндеті адамдарды ұжымдық қауымның инерциясына қарағанда оның әрбірінің жеке қауіпсіздігін қорғау арқылы жүзеге асатын саяси инструменттерді, құралдарды дамытады. Соған сәйкес, Мишель Фуконың биосаясат теориясы адамның индивидуалды өмір сүру шарттарын сапалы деңгейге көтеруде, оның өмір, тіл және еңбек ету тарихын сараптаудан өткізеді. Мұндай сараптаудың түпкі ойы адамның субъектілігіндегі био-тарих, био-билік және білім күші концепцияаларының генезисін анықтау еді.

Био – тарих адамды тек биологиялық құрал ретінде, қажетіліктердің қайнар көзі ретінде ойлау модельдері.

Био – билік адамның денелігін тек территорияларға иелік жасау мақсатында қолдануға қарсы ойлау моделдері.

Био – білім күші адам капиталының дамуының басты өлшемі білім құндылықтарының қолдану және талдау модельдері.

Био – билік адамдардың адамның қоғамдық сапалы өмір сүруіне қажетті іс-әрекеттерге рұқсат беруші және көп пікірлікті қолдаушы кеңістік. Био – биліктің негізгі қызмет атқару кеңістігі коммуникативті қатынастар линиясы арқылы жүзеге асады, яғни қоғамда түрлі халықтар, мәдениеттер арасындағы тепе – теңдікті сақтай отырып, көлденең сызықтық таралу мен дамуды мақсат тұтады. Био – билік табиғаты билік болуы себепті, көлденең сызықтық қозғалыс және басқару – бағыну иерархиясы бойынша шешім қабылдау орын алады. Дегенмен адам капиталын дамытудағы еркіндік қағидасының, яғни био – билік тұжырымдамасының басты мақсаты, ол толеранттық, өзара құрмет және мультимәдениеттік қағидаларды басшылыққа алып, жеке қызығушылықтарды, мүдделерді қолдайды. Соған сәйкес, Мишель Фукода билік дисциплинарлы және биосаяси түрлерге жіктеледі.

Дисциплинарлы билік – экономикалық пайданы көздеуші және халықты бір орталықтан басқарушы идеологиялар. Мұндай басқару адамдарды үрей мен қорқыныш құралдары арқылы ортақ дәстүрлерге, дінге бағынуды міндеттейді. Бұл модельдерге біз Иран, Солтүстік Корея секілді елдердегі қатаң диктаторлық және саяси – клерикалды жүйелерді жатқызамыз.

Био – билік адамдарды жаһандық мәселелерді шешуге қатыстырумен қатар өзін өзі тануы мен сана – сезімі арқылы бақылауды жүргізуді қолдайтын басқару. Сондықтан Мишель

Фуконың философиялық ойына утопиялық сарын тән болғанымен, оның түпкі ойы индивидтің өз әлемін өзінің басқаруына беру және өзінің тәнін, сұлулығын қорғауына жағдай жасау.

Мишель Фуко осы биосаясат теориясын өзінің әйгілі мақаласында био – күш концептісі ретінде зерделейді. М.Фуко бойынша, өмірдің қуат күші бар болғаны дәуірдің әрбір кезеңіндегі өзгерістерге сәйкес, өзінің тәртібін ауыстырады.

«Мишель Фуконың биосаясат теориясының қазіргі заманғы қолданысы:

- Сандық бақылау: Big Data, AI;
- Басқаруды тұлғаландыру: коучинг, таргетинг, маркетинг;
- Биліктің гибридті формалары: мемлекет және корпорациялар;
- Тәуекелдерді бағалау: пандемия, климаттың жылынуы, қауіпсіздік мәселесі, цифрлық тәуекелдер» [4].

Мұны жоғарыда келтіргеніміздей, Мишель Фуко өлім мен өмір билік ету құқығы деп атайды. Тиісінше, тарихта адамның өлімі мен өмір сүруіне билеушілер жеке дара жауапты болып, шешім шығаратын болса, онда бұл құқық заң мен тәртіпті сақтаушы органдардың қолына шоғырланған. М.Фуко өз зерттеулерінде адамның жеке өміріне қатысты мәселеге қатысты «Өмір мен өлімге құқық бұдан была артықшылық емес: ол әміршіні қорғау мен оның тіршілігіне негізделеді. Гоббспен бірге оны әркім табиғи жағдайда ие болған құқықты әміршіге беру, өз өмірін өзгелердің өмірімен қорғау құқығы деп қабылдау керек пе?», - деген мазмұндағы риторикалық сұрақты қою арқылы жауап іздейді [5]. Бұл риторикалық сұрақтың жауабы, әрине адам қашан өзінің абсолютті еркіндігіне қол жеткізеді және өзінің еркіндігіне қандай жағдайда өзі жауап береді мәселеге түйінделген. Тиісінше, адам денесінде тіршілік механизмдері бар және ол туу, дүниеге ұрпақ әкелу, өлу, денсаулық сапасы, ұзақ өмір сүру сияқты өзгерістерді туғызатын жағдайлармен бірге биологиялық үрдістің негізі болады. Оларды қадағалау бірқатар тәжірибелік іс-шаралар мен реттеуші бақылаулар халықтың биосаясаты арқылы жүзеге асады.

Классикалық дәуірде университет, мектеп, шеберханалардағы түрлі пәндердің жедел дамуы, саяси практикалар, экономикалық бақылаулар алаңында туу, өсім, өмір ұзақтығы, қоғам денсаулығы, тұрғын үй, көшіп қону секілді мәселелердің шығуы адамдарды бақылау мен халықты қадағалаудың көптеген және әр түрлі техникалардың жылдам орын алуымен туындаған. Мысалы, қазіргі ақпараттық – коммуникациялардың ықпалымен сандық дүниетаным өзінің тұрақты заңдарына ие болып, адамдардың жеке және қоғамдық өмірін, ойлауын басшылыққа алып отыр.

Биокүш екі бағытта қалыптасты. Біріншісі, ол әскер мен мектептер секілді қоғамдық институттар, екіншісі, тұрғындар арасында игіліктерді бөлу арқылы орын алды. Тиісінше, биокүш өзінің қоғамдағы рөлін белсенді қалыпқа ауыстыру үшін көптеген салаларды бақылауға алуы арқылы көтерді. Мишель Фуко оған әсер еткен генезистерді және ойлау формаларын ажыратады. Біріншіден, бұл капитализмнің дамуы және меншікке иелік жасау, материалдық ресурстарға, артықшылықтарға ие болу ұмтылыстары адамдар арасында бәсекені ғана тудырған жоқ, ол жанама түрде өндірістерде, еңбек ұжымдарында адамдардың тұтыну, заттарды өндіру секілді қажеттіліктері арқылы бақылауға алынуына түрткі болды. Бұл фактор әлеуметтік сегрегация мен иерархизация құрылымы және жіктелісі ретінде орын алады. Тиісінше, адамдар табысы, билікке жақындығы және үстемдік құралдарына ие болуы арқылы әлеуметтік, экономикалық критерийлері бойынша жіктеуге ұшырайды. Бұл идеяның мәні қоғамдық даму факторы адамға инвестиция салу, адам капиталының сапасына қол жеткізу. Философиялық рефлексиялық тұрғыда баяндайтын болсақ, ол өлімнің өмірдің ізіне түсуін, оның үнемі бақылауға алуын шектеу және адамды еркіндікке жіберу.

Биокүш дамуының тағы бір себебі, ол заңдық жүйенің құндылығын нормативті қоғаммен бағалауға сыни көзқараста болу. Өйткені қоғамда заң мен құқықтық тәртіптің үстемдігін орнату арқылы халық жауапкершілікке шақырылады. Екінші жағынан нормативті қоғамдардың қатаң құқықтық кеңістікте өз идеясын ақтауы адамдардың жеке қауіпсіздік, қоғам мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік мәселесіне тура қатынаста орын алады. Өйткені заң мен биліктің қуаты, нормативті күші әлсіреген қоғамдарда анархия, хаос, биліксіздік

құбылыстары пайда болады. М.Фуконың сыни көзқарасынша, «Заң үнемі қылышқа сүйенеді. Бұл өлімді билеушінің құзырына әкелу мәселесі емес, бұл – тірі жаратылысты құндылық пен тиімділік әлеміне орналастыру мәселесі. Мұндай билік өз іс-әрекетін компетенциялар, өлшеу, бағалау, иерархиялау жұмыстарымен айналысады. Нормалаушы қоғам өзінің саяси үстемдігін сақтауға ұмтылған биліктің туындысы [6]. Мишель Фуконың бұл көзқарасына сыни бағалау тән, себебі, қоғамның нормативті құндылықтық қажеттіліктері барлық уақытта репрессивті деген баға бере алмаймыз. Әйтсе де экономикалық мешеу елдер әлі де саяси тоталитарлық басқару тәсілдерін қолданады және өз халқын жазалауға дайын тұрады.

Қорытынды

Басқару практикасы қоғамдық қатынастарда іштей және сырттай факторлардың ықпалымен қалыптасады. Мишель Фуко бұл жерде әмбебап қағидалардың уақыттық көріністе оның мазмұнының ескіріп, өзінің өзектілігін жоғалтып жатқаны туралы айтады. «Тарихилық универсалийлерді қалыптастыру мүмкін, дегенмен оның әмбебап ортақ қағида, ереже, мәдениет түріне айналғанға дейінгі өмірі тарихтың сүзгісінен өтеді [7]. Тарихтың сүзгісі – бұл белгілі бір құндылықтардың жалпыға, ортақ мәдениетті қалыптастыруда өзінің тиімді нәтижелерін дәлделдеп, ғасырларға ұласуы мүмкін. Ал кейбір жағдайларда белгілі бір дәуірде өзекті, трендтік сипатқа ие болған идеялар, басқару модельдері, мәдениеттер өзінің уақыты өткеннен кейін ескіріп, жарамсыз болып қалуы да мүмкін. Оған біз мысалы ретінде коммунистік идеологияны немесе ұлтшылдық фашистік көзқарастарды келтіре аламыз. Өйткені заман бірнеше рет құбылып, өзінің уақыттық иірімдеріне алдаусыратып, бойын қайта тіктейді.

Сондықтан Мишель Фуконың сыни көзқарасы қоғамдағы ессіздік туралы, адам бостандықтарын шектеуге қарсы және адамның еркіндіктері мәселесінде мемлекеттің рөлі қандай деген сұрақтарға жауап беруге арналған. Мишель Фуконың мұндай көзқарастарын қазіргі заманғы қоғамдық ракурстан қабылдаудың өзінде біршама қиындықтар туындайды. Оның көзқарасында мемлекет нақты шынайылықта жеткілікті деңгейде бар болушы емес. Мемлекеттік мүдделер сол мемлекеттің өзінің бар болушы болмысы арқылы мәнге айналады және мемлекет құраушы субъект арқылы танылып, оқиғаларда, құбылыстарда өзіндік рационалдылықты дәлелдейді. Өйткені басқару өнері өзін мемлекеттің өмір сүруі арқылы әлдебір көкжиекте және образдарда болжай отырып, конституциялық құрылыс, нормативті мінез-құлық арқылы тіркеледі және рационалды және парасаттылық арқылы функционалды институтқа айналады.

Авторлар қолжазбадағы барлық ақпарат үшін, оның ішінде плагиаттың болмауы, дәйек сөздердің дұрыс берілуі және ЖИ жасаған жалған фактілердің болмауы үшін жеке жауапкершілік келтіреді.

Әдебиеттер

1. Фуко М. Рождение биополитики. – СПб.: Наука, 2010, 448 с.
2. Kazakhstan Reports 134 Human Trafficking Cases in First Half of 2025 https://timesca.com/kazakhstan-reports-134-human-trafficking-cases-in-first-half-of-2025/?utm_source=chatgpt.com "Kazakhstan Reports 134 Human Trafficking Cases in First Half of 2025 - The Times Of Central Asia"
3. Старостина Д.А,. Биополитика в концепции М. Фуко: тело как инструмент управления обществом // Теория и практика общественного развития. 2022, № 6, С. 80–85.
4. Фуко М., Биосаясат теориясы // Мына сілтемеде :https://chatgpt.com/c/69e11834-a484-8386-ba29-0e318b96edbf
5. Ривкин Дж. Әдебиет теориясы: Антология III // Өлім мен өмірге билік ету құқығы / М.Фуко. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019, 440 б.
6. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018, 216 б.
7. Фуко М., Слова и вещи. Археология гуманитарных наук. – СПб., A-cad, 1994, 450с.

References

1. Fuko M. Rozhdenie biopolitiki. – SPb.: Nauka, 2010, 448 s.
2. Kazakhstan Reports 134 Human Trafficking Cases in First Half of 2025 https://timesca.com/kazakhstan-reports-134-human-trafficking-cases-in-first-half-of-2025/?utm_source=chatgpt.com "Kazakhstan Reports 134 Human Trafficking Cases in First Half of 2025 - The Times Of Central Asia"
3. Starostina D. Biopolitika v koncepcii M.Fuko: telo kak instrument upravlenija obwestvom // Toerija i praktika obwestvennogo razvitija. – 2022, № 6,S. 80–85.
4. Fuko M. Biosajasat teorijasy // https://chatgpt.com/c/69e11834-a484-8386-ba29-0e318b96edbf
5. Rivkin Dzh. Adebiet teorijasy: Antologija III // Olim men omirge bilik etu kukygy / M. Fuko. – Almaty: Ulttyk audarma bjurosy, 2019, 440 b.
6. Dzhonston D. Filosofijanyn kyskasha tarihi. Sokrattan Deridaga dejn. – Almaty: Ulttyk audarma bjurosy, 2018, 16 b.
7. Fuko M. Slova i vewi. Arheologija gumanitarnih nauk. – SPb., A-cad, 1994, 450 s.

А.М.Утемисова,Т. Еркинулы*

Магистрант, makpal9512@mail.ru, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

PhD, erkinulyt@mail.ru, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЦИОНАЛЬНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ В ТЕОРИИ БИОПОЛИТИКИ МИШЕЛЯ ФУКО

Аннотация

В статье рассматриваются научные подходы французского философа Мишеля Фуко к теории биосоциальности управления общественными отношениями, в том числе к вопросу о рациональности управления. Основное значение теории биосоциальности заключается в изучении роли, ценностей и сущности народа как субъекта и объекта политики в совершенствовании форм государственного управления, инструментов влияния на политическую власть. Поэтому в статье изучено взаимодействие политических идей между властью и населением, идеологическое доминирование в социально-философских аспектах. В статье изучены основные идеи и смыслы теории биосоциальности М. Фуко. Актуальность темы исследования обусловлена экзистенциальной направленностью на определение условий политической жизни человека. Данная проблема актуальна тем, что в едином пространстве сосуществуют различные политико-идеологические, заинтересованные взгляды на совместную жизнь людей и поиск решения социальных проблем. При решении данной проблемы за основу взяты теоретические и прикладные аспекты современных подходов к анализу общественного устройства на уровнях теории биосоциальности М. Фуко. Таким образом, в современных гуманитарных науках теория освобождения рассматривает уровень рациональной организации человеческой жизни и поиск ее проблемного решения в различных социально-политических практиках. М. Фуко разъясняет это условие в своих работах как форму управления населением.

Ключевые слова: биополитика, модели управления, биоистория, биовласть, власть знания, дискурс.

A.M. Utemisova, T. Yerkinuly*
Master students, makpal9512@mail.ru, M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
PhD, erkinulyt@mail.ru, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

GOVERNMENT RATIONALE ISSUES IN THE THEORY OF BIOPOLITICS OF MICHEL FOUCAULT

Abstract

The article examined the scientific approaches of the French philosopher Michel Foucault to the theory of biosociality of public relations management, including the issue of government rationality. The main meaning of the theory of biosociality is aimed at studying the role, values and essence of the people as a subject and object of politics in improving forms of public administration, instruments of influence on political power. Therefore, the article studied the interaction of political ideas between power and population, ideological dominance in socio-philosophical aspects. The article studied the main ideas and meanings of M. Foucault's biosayat theory. The relevance of the topic of research is due to the existential focus on determining the conditions of a person's political life. This problem is relevant in that in a single space there are various political ideological, interested views on the joint life of people and find a solution to social issues. When solving this problem, the theoretical and applied aspects of modern approaches to the analysis of public order at the levels of M. Foucault's theory of biosociality are taken as a basis. Therefore, in modern humanities, the theory of release considers the level of rational organization of human life and finding its problematic solution in various socio-political practices. M.Fuko clarifies this condition in his works as a form of population management.

Keywords: bio politics, governance models, bio-history, bio-power, power of knowledge, discourse.